



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Things You'll Need

- CDs/Videos/DVDs in English
- Storybooks
- Pen
- Paper
- Whiteboard or chalkboard
-

Literature

1. English for the little ones (В.М.Скультэ) [part 1, 36-37p.]
2. Picture Grammar for Children (David Vale) [part 2,5-6p.]

ӘОЖ 378.05.02

ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖАСТАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әмірхан Әсел

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Байсарина С.С.

Республикалық студент жастар қоғамдық ұйымдарының басты мақсаты - олардың қоғамдық жұмыстардағы белсенділігін, студент жастардың құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық мәселелерін шынымен шешуші және тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына белсенді қатысушы ұйым ретінде құру.

Қойылған мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

- Еліміздің студент жастарының құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету.
- Студенттерде патриоттық сезімді қалыптастыру және жетілдіру.
- Студент жастар арасында жемқорлыққа қарсы дәстүрді қалыптастыру.
- Студент жастардың интеллектуалды әлеуеттерін жетілдіру.
- Студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.
- Ұйымның қоғамдағы ішкі және сыртқы өзара әрекеттесуін жетілдіру арқылы әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарды жандандыру.

Қоғамдық ұйымдар дегеніміз белгілі бір әлеуметтік топтар мен индивидтердің мүддесін білдіріп, оны қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген, оған материалдық көмек көрсететін, мүшелерінің арасында еңбек бөлінісі жүзеге асқан, төменнен жоғарыға дейін тұрақты ұйымдық құрылымы бар, өзін-өзі басқаратын азаматтардың бірлестігі. Ұйым - бұл екі немесе одан көп индивидтер іс-әрекеттерінің саналы үйлестірілген жүйесі. Бұл анықтамада ұйымның екі маңызды сипаттамасы бар: әлеуметтік ортақтық, бірлік (әлеуметтік қауым белгілі мүшелері бар ұйымнан тұрады) және қауымдастықтың мақсатты қызметі.

Ұйымдық құрылымның негізгі өзегі билік - басқару қатынастары болып табылады. Сондықтан бұл құрылымда басқарушы блок (басшы немесе тиісті функцияларымен, штатымен басшылар) және орындаушылар блогы болады. Қоғамдық ұйымның ең жоғары формасы мемлекет болып табылады

Ұйымдар әкімшілік, қоғамдық және формалды және формалды емес типтерге бөлінеді. Әкімшілік ұйымдар құрылымдарының қатаң және жоғары деңгейімен, директивті бекітілген мақсаттарымен ерекшеленеді.

Қоғамдық ұйымдар адамдардың ерікті бірлестіктері болып саналады. Бұлардың басқаларға қарағанда демократиялылығы басымдау болады. Ал формалды ұйымдар – бұл

функциялары, құқықтары және міндеттері қатаң белгілеген қоғамның әкімшілік негізі болып табылады. Неформалды ұйымдар кездейсоқ құрылған екі түрлі болады. Біріншісі мақсаттары айқын емес кездейсоқ құрылған адамдар жиыны да, екіншісі мақсаттары айқын, барлық талаптар мен орындаушылық тәртіппен ерекшеленген қылмыскерлердің болмаса діни ұйымдары.

Жастар ұйымы – негізгі мақсаты жастардың әлеуметтік, мәдени, білім алу қажеттіліктерін шешуге жәрдемдесу болып табылатын, заңды тұлғалардың қауымдастығы (одағы), жеке, қоғамдық немесе корпоративтік қор, сондай-ақ мүшелерінің (қатысушыларының) кемінде жетпіс бес пайызы жастар өкілдері болып табылатын қоғамдық бірлестік нысанында құрылған қоғамдық бірлестік болып табылады.

Төмендегі 1,2 кестелерде жастардың қоғамдық ұйымдармен жұмыстың негізгі бағыттары мен мазмұнын және оларды әлеуметтендіруде жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың әдістерін сипаттауға болады:

Кесте 1

Әлеуметтік педагогтің тұлғаны әлеуметтендіруде қоғамдық ұйымдармен жұмысының негізгі бағыттары

№	Негізгі бағыттар және оның мазмұны	Жастардың қоғамдық ұйымдары
1	Білім және ғылым: Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орта білімнен кейін, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейін мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін білім алуын қамтамасыз ету;	«Нұр Отан»
2	Денсаулық сақтау, дене шынықтыру және спорт: жастардың саламатты өмір салтын қалыптастыру, оның ішінде темекі шегудің, нашакорлық пен маскүнемдіктің профилактикасы үшін жәрдемдесу және жағдайлар жасау; жастардың саламатты өмір салтын насихаттау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу; жастардың сауықтыру лагерьлерінің, мүмкіндігі шектеулі жастарға арналған мамандандырылған топтар мен мектептердің, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің санын ұлғайту және оларды нығайту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту;	«Нұр Отан» «Жас Отан» «Қазақстан студенттерінің альянсы»
3	Жастар мен жас отбасылар еңбегі, оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыз ету: өмірде қиын жағдайға тап болған жас мамандардың, жастар мен жас отбасылардың құқықтарына және әлеуметтік қорғалуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілдік беру; жастардың кәсіптік бағдар алуына және жұмысқа орналасуына (жұмыспен қамтылуына) жәрдем көрсету, оның ішінде еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жаңа мамандықтар бойынша қайта оқытуды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру;	«Нұр Отан»
4	Қазақстандық патриотизм сезімін нығайту және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру: жастардың санасы мен сезімінде Қазақстан халқының өткен тарихын, мәдени мұрасы мен салт-дәстүрін құрметтеуді қалыптастыру; жастарды мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне тарту және қоғамдық-саяси қызметке, мемлекеттік басқару және жергілікті	«Нұр Отан» «Жас Отан» «Қазақстан студенттерінің альянсы»

	өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қатыстыру арқылы мемлекет пен жастар мақсаттарының ортақтығын қалыптастыру;	
5	Халықаралық ынтымақтастықты, жастар кәсіпкерлігін, талантты жастарды дамыту салаларындағы мемлекеттік қолдау шаралары: халықаралық гуманитарлық, білім беру, ғылыми-техникалық бағдарламалар шеңберінде жастар байланыстарын дамыту; халықаралық аренада қазақстандық жастардың жағымды имиджін жасау және оны халықаралық жастар қозғалысына интеграциялау;	«Жас Отан» «Қазақстан студенттерінің альянсы»

Кесте 2

Жастардың қоғамдық ұйымы арқылы тұлғаны әлеуметтендіруде жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың әдістері

№	Тұлғаны әлеуметтендіруде жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстардың әдістері	Мазмұны
1	Интегративті	Бұл жастардың әлеуметтенуіне жағдай жасауы тиіс әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Осы аспектіде әлеуметтік жұмыс іс жүзінде әлеуметтік педагогика секілді кәсіби қызмет түрімен салыстырылады. Оны іске асыру елеулі қаржы, сондай-ақ адам және материалдық ресурстар бөлуді көздейтін мемлекеттік-қоғамдық шығындық механизм арқылы ғана мүмкін болады. Алайда толықтай бұл шараны іске асыруға қомақты қаражат талап етілетіндіктен, көптеген мемлекетте әлеуметтік жұмыс жүргізудің дефициттік әдісін таңдайды.
2	Дефицитті	Негізінен халықтың аз қорғалған бөлігінің мұқтажын қанағаттандыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Жастармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізу ретінде жекелеген жасқа, сол сияқты жастар тобына олардың әлеуметтік қызмет ету қабілетін жақсарту немесе қалпына келтіру мақсатында көмек көрсетуге бағытталған.

Қорыта келе, жастар – келешегіміздің негізі ретінде өз білімімен, жасампаз еңбегімен және күш-жігерімен өз болашағын құрудың жаңа мүмкіндіктерін алу қажет. Ол ХХІ ғасырда Жаңа Қазақстанның - дамыған, бәсекеге қабілетті және әлемдегі сыйлы мемлекетті қалыптастыруды белсенді жалғастыруы қажет деп санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. -Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар. akorda.kz
2. Қазақстан Республикасы азамат тарихының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. –Алматы; 1999, 40 б.
3. Нұрмұхаметова Р.Ә., Баярыстановна Э.Т. Н 86 Әлеуметтік педагогика: Оқу құралы. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 79 бет.
4. Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелері, Алматы, 2006 ж

5. Халитова І. Әлеуметтік педагогика, Алматы, 2007 ж
6. Социализация человека, Москва, 2004 г. 67

УДК 37.01.030

СЕТЕВОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Балтабаева Жаният

zhaniyat_93@mail.ru

Магистрант ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Научный руководитель - Бахтиярова В.Ф.

Одной из основных задач образовательной политики на современном этапе выступает формирование всестороннего партнерства. Это означает, в том числе, и усовершенствование сетевого взаимодействия на различных уровнях системы образования. В настоящее время под сетевым взаимодействием понимается система горизонтальных и вертикальных связей, которая обеспечивает доступность качественного образования для всех категорий граждан, вариативность образования, открытость образовательных организаций, повышение профессиональной компетентности педагогов и использование современных информационно – коммуникационных технологий.[1]

В педагогической практике идея сетевого взаимодействия образовательных учреждений возникла в конце 1990-х годов. Несомненная заслуга в этом принадлежит А. И. Адамскому и созданной им образовательной сети «Эврика». Сетевое взаимодействие А. И. Адамский определяет как совокупность субъектов образовательной деятельности, предоставляющих друг другу собственные образовательные ресурсы с целью повышения результативности и качества образования друг друга. [1]

Интерес к сетевому взаимодействию в современной образовательной практике связан с появлением в 2002 г. Концепции профильного обучения на старшей ступени общего образования. В нынешних условиях развития информационного общества, информационно – коммуникационные технологии являются наиболее эффективным средством распространения знаний, обеспечение коммуникаций для решения профессиональных задач. Сетевая среда используется в качестве «кровеносной системы», которое обеспечивает успешное и устойчивое коммуникационные взаимодействия и информационный обмен между субъектами совместной деятельности.[3]

Сетевое взаимодействие не является чем - то абсолютно новым для системы образования в целом для вузов России и Казахстана, однако, впервые нормативное закрепление возможности сетевого взаимодействия организаций при реализации образовательных программ было реализовано ст. 15 Федерального закона от 29 декабря 2012 г. №273 - ФЗ «Об образовании в Российской Федерации», а в Казахстане было реализовано от 24 октября 2011 г. Закон РК №487 – IV «Об образовании».

Сетевое взаимодействие – это система связей, позволяющих разрабатывать, апробировать и предлагать профессиональному педагогическому сообществу инновационные модели содержания образования и управления системой образования; это способ деятельности по совместному использованию ресурсов. Так, Т.А. Зубарева обосновывает особую роль сетевого взаимодействия в инновационном развитии образовательных учреждений, представив его содержание и технологию как взаимосвязь различных компонентов совместной образовательной деятельности:

- Совместное планирование экспериментальной работы;
- Совместное проектирование образовательной сети;
- Единое методическое сопровождения в образовательной сети;
- Коллективные разработки в процессе обучения и повышения квалификации, в проектировании образовательной сети;